20549832410

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 22 қыркүйек №5165-23-00-2/2059 Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья С. Байтенов,
сот отырысының хатшысы Б. Байзақтың отыруында,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Түлкібас аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «NcA Power Service» Жубанова Гулжан Жумабековна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану
2. Тұрақсыздық айыппұл өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшы өкілі М. Усенбаев
жауапкер өкілі Г. Абдикаликова

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

Тараптар арасында дизельді генераторларды жөндеу қызметі бойынша 1 086 400 теңгеге 2023 жылғы 01 наурызда №67 санды келісім шарты (бұдан әрі - Шарт) түзілген.

Шарттың №1 қосымшасына сай мердігер шарт жасалғаннан кейін 16 күнтізбелік күннен кейін, содан кейін кестеге немесе тапсырыс берушінің талабы бойынша жұмыстарды орындауға тиіс болған.

Талап қоюшы сотқа жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану, тұрақсыздық айыппұл өндіру туралы талап қоюын

түсірген. Оның негізіне, жауапкер Шарттың талаптарын орындамағанын көрсеткен.

Жауапкерден талап қоюға қарсы пікір түспеген.

Талап қоюшы өкілі сотта талап қоюын қолдап, шарт жауапкер тарапынан орындалмауына байланысты бүгінгі таңда біржақты бұзылғанын, сондықтан талапты қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер өкілі сотта мемлекеттік сатып алу бойынша көп мөлшерде жұмыстар алып қойып, аталған шарт бойынша жұмыстарды істеуге үлгере алмай қалғандарын, сондықтан талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрайтынын көрсетті.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талап бойынша.

Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің (бұдан әрі -АК) 272-бабына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу» туралы 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V санды Заңының (ары қарай - Заң) 12-бабы 4-тармағы 2-тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі жеңімпаздар деп айқындалған, мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған әлеуетті өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Сотта анықталғаны, жауапкер жұмыстарды шарт жасалғаннан кейін 16 күнтізбелік күннен кейін, содан кейін кестеге немесе тапсырыс берушінің талабы бойынша орындауға тиіс болған. Тапсырыс беруші тарапынан мемлекеттік сатып алу порталы бойынша 06 маусым 2023 жылы жұмыстарды орындау жөнінде хабарлама жолданған, сондай-ақ жұмыстар орындалмағаны жөнінде 21 маусым 2023 жылы тапсырыс берушімен акті түзіліп, 29 маусым 2023 жылы жауапкерге ескерту хаты жолданған.

Алайда, жауапкер міндеттемесін орындамай жұмыстарды орындамаған, яғни Шарттың талаптарын орындамаған.

Одан бөлек, Шарт 14 тамыз 2023 жылы біржақты бұзылған.

Көрсетілгендер негізінде, сот, жауапкердің мемлекеттік сатып алу туралы келісім шартты орындамағанын негізге алып, әлеуетті өнім беруші ретінде мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға жатады деген қорытындыға келеді.

№2 талап бойынша.

Құжатқа қол қойылған: Байтенов С. К., 27.09.2023

Заңды күшіне енген күні: 07.12.2023, судья Байтенов С. К., 04.01.2024

АК-нің 293-бабында тұрақсыздық (айыппұл) заңнамамен немесе келісім-шартпен анықталған, борышкер міндеттемелерді орындамағанда немесе тиісінше орындамағанда, сонымен бірге мерзімінен кешіктіргенде несие берушіге төлеуге міндетті ақшалай сома болып табылады деп қарастырылған.

Шарттың 8.3-тармағына сәйкес, жұмыстарды орындау мерзімін өткізіп алған жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын ұстап қалады.

Талап қоюшы жауапкерден Шарт бойынша орындау мерзімінің әрбір кешіктірген күні үшін мерзімін өткізіп алғанда кешіктірілген әр күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % көлемінде тұрақсыздық айыппұл 1 086 400 теңге х 0,1% = 13 күнге = 14 123 теңге өндіруді сұраған.

Жауапкердің жұмыстарды орындамағаны сотта дәлелін тапты.

Істің мұндай тұрғысында сот, талап қоюшының жауапкерден 14 123 теңге тұрақсыздық айыппұл өндіру туралы талабын заңды және негізді деп тауып, талап қоюшының тұрақсыздық айыппұл өндіру туралы талабы қанағаттандырылуға жатады деп табады.

АПК-нің 109-бабының талаптарына сай жауапкерден баж алымы мемлекет пайдасына өндірілуге жатады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223-226 – баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Түлкібас аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «NcA Power Service» Жубанова Гулжан Жумабековна мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «NcA Power Service» Жубанова Гулжан Жумабековнадан талап қоюшы Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Түлкібас аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының пайдасына 14 123 (он төрт мың бір жүз жиырма үш) теңге тұрақсыздық айыппұл, 424 (төрт жүз жиырма төрт) теңге төленген мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Байтенов С. К., 27.09.2023

Заңды күшіне енген күні: 07.12.2023, судья Байтенов С. К., 04.01.2024

Жауапкер жеке кәсіпкер «NcA Power Service» Жубанова Гулжан Жумабековнадан мемлекет пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Шешімге наразы тарап шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық тәртіппен шағым, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **С. Байтенов**

Құжатқа қол қойылған: Байтенов С. К., 27.09.2023

Заңды күшіне енген күні: 07.12.2023, судья Байтенов С. К., 04.01.2024

«ӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»